



«Актөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«Шаңырақ» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК



«Жас эколог» Экологиялық жоба

Өткізген:
Тәрбиеші .Бақытжанова Қ.Ш

Хромтау ауданы, 2024 жыл

Білім беру саласы: Әлеуметтік орта

Оқу іс-әрекетінің тақырыбы: Жас экологтар

Оқу іс –әрекетінің мақсаты:

1.Проблемалық жағдайларды шешуді үйрету. Тірі организмнің қоршаған ортамен байланысы туралы түсініктерін нығайту. Сөздік қорларына «эколог», «экологиялық апат» сөздерін енгізу.

2. Қыстап қалатын және жыл құстары туралы түсініктерін нығайту. Қоршаған орта, оны қорғау туралы білімдерін дамыту.

3. Табиғатты қорғауға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. Бір-бірін тыңдай білуге, бір-бірінің пікірін құрметтеуге үйрету.

Қолданылатын көрнекі-құралдар мен жабдықтар: жоспар-сызба, қыстап қалатын және жыл құстарының суреті, көк түсті мата (өзен), қорап, сым, қайшы, жұмыс дәптері

Сөздік жұмыс: эколог

Оқу іс-әрекетінің барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: балалардың сабаққа дайындығын тексеру.

Психологиялық жаттығу:

Қуанамын мен де,

Қуанасың сен де.

Қуанайық достар,

Арайлап атқан күнге.

Жоспар –сызба бар хатқалдағы Тиіннің хатын ашып оқу: «Құрметті балалар! Мен сендерді саяхатқа шығуға шақырамын. Бізге қайда жүру керектігін жоспар-сызба көрсетеді. Сендерді алда қызықты кездесулер мен шешілмеген мәселелер күтіп тұр.

-Балалар «Өзен», «Орман», «Зертхана», «Шеберхана» аялдамаларына саяхат жасаймыз.

1-аялдама: «Өзен» аялдмасы: Балалардың алдынан Тиін шығып «Бір бала мені орманда көріп, ақырын келіп ұстап алып, мені осында әкеліп тастап кетті. Жан-жағыма қарасам, маған таныс емес жер. Мұнда су, жер, мен білмейтін өсімдіктер. Менің өзім үйіме қайтқым келеді. Бірақ менің айналамдағылардың не нәрсе екенін білгім келеді. Маған сендер айтып беретін шығарсыңдар.

-Балалар, өзенде нелер өмір сүреді?

-Өзенде балықтар, шаяндар, жәндіктер, өсімдіктер өседі. Жануарлар өзенге су ішуге келеді.

-Өзенде мекендейтіндер табиғаттың жанды ,жансыз денелерінің қайсысына жатады? Тиінге дәлелдеп беріндерші.

-Олар жанды денелерге жатады.Өйткені олар көбейеді,өседі,қозғалады,тыныс алады,коректенеді,өледі.

Еденде төселіп дайындалған өзен (онда қоқыстар көп)

-Не көріп тұрсындар?Не істеуіміз керек?

Балалар өзенді қоқыстардан тазарту керектігін айтып, қолдарына қолғап киіп,қоқыстарды жинайды.

Жарайсындар,балалар!Сендер өзенді қоқыстан тазарттындар. Табиғаттың таза болуына көмектесетін адамды кім дейтінін білесіндер ме? Табиғаттың тазалығын бақылайтын адамдарды «экологтар» дейді. Сендер бүгін жас экологтар болдыңдар. Мен сендерге арнайы экологтар галстугын тапсырамын.Неге оның түсі жасыл деп ойлайсындар?

-Экологтар табиғатты қорғайды,сондықтан галстук жасыл түсті болады.

Судың сылдыраған дыбысын естіледі (аудиожазба)

Балалар ,не естіп тұрсындар?Өзен сендерге рахметін айтып жатыр.Біз тиінге үйіне қайтуына көмектесуіміз керек.Ол қай жерді мекендейді?Балалар, сызбаны мұқият қарап,әрі қарай көрсетілген бағыт бойынша аттанамыз.

2-аялдама: «Орман аялдамасы»

-Тиін ,бұл жер саған таныс па? Балалар ,қазір жылдың қай мезгілі?Табиғатта қандай өзгерістер болып жатыр?Тиін қыс мезгіліне дайын ба?

-Қазір күздің соңғы айы. Күн суытып ,өзенге мұз қата бастады.Тиін сұр тоңын ақ тонға ауыстырады.

-Орманда құстардың дауысы естілмейді.Олар қайда кеткен?

-Құстар жылы жаққа ұшып кетті.

-Олар неге ұшып кетті?

-Олар үшін қыста қорек аз.

-Бірақ кейбір құстар осы жерде қыстап қалыпты (торғай,шымшық,қарға ,тоқылдақ,үкі)

-Бұл құстар неге жылы жаққа ұшып кетпейдә?

Балалар бұл құстардыңқыста азық тауып жей алатындығын айтады.

Сергіту жаттығуы:

Қане қанат жазайық,

Қарлығаш боп ұшайық.

Ұшып-ұшып алайық,

Орнымызды табайық.

Ойын : «Не артық» Ойын шарты бірнеше құстың атын атау,көрсету. Сол құстардың ішінен қыстап қалатын және жыл құстарының артығын айтып, түсіндіру.

3-аялдама: «Шеберхана» аялдмасы:

-Балалар,келесі аялдама «Шеберхана» .Біз онда құстарға аранп жемсаут жасаймыз.. Қағаз қиықшаларынан құстарға үйшік құрастырамыз.

Балаларға үлгі бойынша үйшік құрастырады, бағыт-бағдар беру.

4-аялдама: «Зертхана» аялдмасы:

-Балалар,қыстап қалатын құстардың атын естеріңе сақтап алыңдар.Енді өзіміздің «Зертханамызға» қайтамыз. Құстарға жемсауыттағы жемдерді жеуге көмектесеміз. Ол үшін сызықтарды қосу арқылы құстарды жемсауыттағы жемге алып барамыз. .Балаларға бағыт-бағдар беріліп,көмек көрсетіледі.

Оқу іс-әрекетін қорыту:

-Міне ,біздің саяхатымыз да аяқталды. Сендерге не ұнады?Біз құстарға қалай көмектестік? Енді сендер табиғатты қалай қорғау керек ,орманда тіршілік ететін жануарлар мен құстарға қалай көмектесу керек екенін білдіңдер.



«Жас эколог»

Экологиялық жоба



“Жас эколог”





«Аялдамалар»

